

GTAMP 06.81.85
ӘОЖ 657

DOI 10.47649/vau.2021.v62.i3.08

С.Б. Альдешова^{1*} , Э.М. Адиева¹ , М.С. Дарискалиева¹ ¹ Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
e-mail: S.aldeshova@asu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ОНЛАЙН-БУХГАЛТЕРИЯ СЕРВИСІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУЫТҰ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Зерттеу мақсаты - цифрландыру кезеңінде экономикалық жүйедегі бухгалтерлік есеп функциясының өзгеруін ашу. Есеп қызметінің сапасын арттырудың неғұрлым өзекті бағыттарын анықтау және қазіргі заманғы бухгалтерлік есеп саласында мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделін әзірлеу.

Сыртқы пайдаланушыларды, кәсіпорынның басшыларын ақпараттармен қамтамасыз ету - бухгалтерлік есептегі көрсеткіштердің жүйесін қалыптастырып, бұл үрдісті дұрыс ұйымдастырудың басты мақсаты. Басқару жүйесінің элементіне ақпараттармен қамтамасыз ету жатады. Ұйымды тиімді басқару үшін ақпараттар жүйесін жинақтау қажет болады. Ол арқылы түсінбеушіліктің, қарама-қайшылықтарды дұрыс әрі жылдам шешуге болатыны белгілі.

Интернет бухгалтерия – ЖК және ЖШС үшін шот, актілер, жүкқұжаттар ұсынуға және еңбекақы есептеу мен бақылаушы органдарға есептер жібеуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған онлайн сервис.

Әрқашан ұйымда бухгалтер қызметін пайдаланбау қажеттілігі жоқ. Бұл ретте, осы штаттық қызметкерсіз істерді жүргізу кәсіпорын үшін қиын.

Бірақ бұдан шығатын жол бар, өйткені интернет-бухгалтерияны пайдалануға болады. Интернет-бухгалтерия тұтынушылар алдында жаңа мүмкіндіктер ашады, өйткені бұл тек бастапқы бухгалтерлік құжаттаманы автоматты режимде жүргізу ғана емес, сонымен қатар аутсорсинг бойынша мамандарға есептілікті жіберу мүмкіндігі. Онлайн-бухгалтер әрқашан жаңартылып отыратын арнайы бағдарлама арқылы бухгалтерлік сипаттағы операциялардың көпшілігі жүргізе алатын көмекші болады.

Негізгі сөздер: Онлайн-бухгалтерия, есептілік, бухгалтерлік есеп, еңбекақы, салық, электронды есептеуіш машиналары.

Кіріспе. Кәсіпорындарды, сонымен қатар ұйымдарды ақпараттар және мәліметтермен қамтамасыз ететін жүйе болып бухгалтерлік есеп табылады. Экономикалық өмірге әртүрлі қатынастардың енетіні белгілі. Осыған байланысты табыс табуды кез-келген ұйым алдына мақсат ретінде қояды. Бухгалтерлік есепті кәсіби бухгалтерлер, аудиторлар және ақпараттарды пайдалы ететіндердің көзқарасы тұрғысынан қарастыруға болады. Бұл жағдайда есепшілер үшін бухгалтерлік мәліметтердің қашан, әрі қандай жұмыстарды жүргізетінін, ақша қаржылары мен олардың пайда болу көздерінің қозғалысын, маңызын есептеп, бухгалтерлік есептің қорытынды нәтижесіне түсіру мақсаты туындайтыны анық [1].

Бухгалтерлік есеп бойынша жұмыстарды жүргізу барлық мекемелерді экономикалық қызметтерінің бастысы болып табылады. Себебі бухгалтерлік есептің ерекшеліктері арқылы өндірілген өнімді есептеуге, оны өндіргеннен кейін сатып өткізуге, сонымен қатар айырбастауға және одан түскен пайданы ұқыпты етіп таратып жұмсауға болады. Яғни мекемелердегі барлық шаруашылық үдерістердің барлығын басынан соңына дейін тиянақты есептейді. Мұның бәрі бухгалтерлік есептің негізі болып табылатыны анық.

1-кесте. Бухгалтерлік есептің атқаратын қызметтері [2]

№	
1.	Орындалып жатырған операцияларды тіркейді, өңдейді. Себебі болашақта пайдалану үшін қажет болады
2.	Қаржылық ақпараттық мәліметтерін ұйымның өңдейді. Себебі бұл ақпараттық мәліметтерді нақты қажетті уақытқа дейін сақтайды
3.	Ақпараттарды пайдаланушыларға уақытылы ұсынылады. Себебі ақпаратты пайдаланушылар осы деректер арқылы әртүрлі шешімдер қабылдайды

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бухгалтер мамандығы еңбек нарығында көп сұранысқа ие мамандықтардың бірі болып табылады және соңғы бірнеше жылда ол елеулі өзгерістерге ұшырады, өйткені нарықтық экономикаға көшу бухгалтерлік іске енгізілген жаңа технологиялардың дамуына түрткі болды.

Қазіргі уақытта бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет, еңбек нарығының басқа сегменттері сияқты, жаңа сандық технологияларды біртіндеп дамыту және енгізу сатысында. Алайда, «Deloitte & Touche» жетекшісі, инновациялық сарапшысы Уилл Библдің айтуынша, іс жүзінде цифрландыру, интеграция және кәсіпорындарда осындай құралдарды орналастыру тенденциясы 2000 жылдардың басында басталған.

Нәтижелер және оларды талқылау

Соңғы уақытта, техникалық прогресс қоғамдық өмірдің барлық салаларына еніп, кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық бөлімдері де назардан тыс қалған жоқ, ҒТП техникалық базаға айтарлықтай әсер етті. Бухгалтерия қызметкерлерінің абсолюттік көпшілігі бухгалтерлік есепті неғұрлым тиімді жүргізу және санаулы минуттарда белгісіз болған нәрселерді тану үшін Дүниежүзілік Желінің деректерін пайдаланады. Бухгалтерге енді бухгалтерлік есепке қатысты жаңалықтарды көрсететін журналдың кезекті шығарылымын күтудің қажеті жоқ, желіге кіру жеткілікті және жаңартуларды бірден көру жеткілікті. Бұл жұмысты жеңілдетеді және журналдарды қайта оқудан гөрі аса маңызды істер үшін уақытты босатады.

Қазіргі таңда бухгалтерлік есепті әрбір ұйым жүргізеді және бухгалтер міндеттерінің тізімі, көбінесе, әр нақты фирмаға байланысты. Есепшінің кең ауқымды міндеттері бар, атап айтқанда, оның иығында бастапқы құжаттаманы жасау, оның шынайылығын бақылау, есептік өңдеуге дайындық, сондай-ақ, қаржылық тәртіпті сақтауға және ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу жатады. Сонымен қатар, есепші жұмысшылардың еңбекақысын есептеу, төлем шарттарын жүргізу, салық төлеу және басқа да қызметтерге жауап береді. Бұдан басқа, лауазымдық нұсқаулықтарды пайдалана отырып, есепші өз қызметін тек жұмыс орындарында ғана емес, үйде отырыпта атқара алады, яғни, осылай есепші өз уақытын үнемдейді. Сонымен қатар, бухгалтер бухгалтерлік есептің ішкі және сыртқы пайдаланушыларын қажетті салыстырмалы және дұрыс бухгалтерлік ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті.

Бухгалтерлік және салық есебін жүргізуді толық автоматтандыру мүмкіндігі пайда болады деп саналады. Бұл бухгалтерді жоғарыда көрсетілген жұмыс түрінен босатады, алайда, кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізу әлі де дербес болады. Бірақ сол кезде оған уақыт айтарлықтай көп болады, ал талдау нәтижелерінің сапасы жоғары болады.

Компьютер бағдарламасынан алынатын құжаттарда жүйелік және хронологиялық жазулары бар болса, ол құжат есеп регистрі. Кез-келген кәсіпорында есепшінің құрылған компьютерлендірілген жұмыс орны бар. Бұл бухгалтерлік есепті жетілдіреді. Есептің

компьютерлендіру жүйесінде бағдарламалардың әртүрлігі қолданылады. Соның ішінде маңызды орын алатыны: «1С: Бухгалтерия». Бұл бағдарлама арқылы қарапайым есепті жүргізуге болады, сонымен қатар екі жақты жазбалы есепті де. Компьютерлікке ықшамдалған бағдарлама еліміздің заңдарындағы өзгерістерге қарамастан жұмыс істейді. «1С: Бухгалтерия» компьютермен жұмыс жүргізуге арналған бағдарламасын пайдалана отырып, шот жазбасына, есеп объектілерінің аналитикалық түріне өзгерту енгізуге болады.

Инновациялық өзгерістердің жылдан жылға енгізілумен Қазақстанда есепшілердің бухгалтерлік қызметтері автоматтандырылған.

Компьютерлерді пайдалану арқылы жүргізілетін бухгалтерлік есептің автоматтандырылған нысаны талапқа сай. Есептің бұл нысаны есеп үдерістерінің басынан соңына дейін қамтиды. Бастапқы құжаттардан қорытынды есеп нәтижесіне дейін. Алдағы уақытта мүмкіндік береді: бухгалтерлік есептің мәліметтерін өндеудің қағазсыз технологиясын дамытуға.

Салықтарды, еңбек ақыларды және басқа да міндетті төлемдерді есептеу арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен жүзеге асырылады. Мамандар шаруашылық операцияларының есебін орындауға және Интернет желілері арқылы есепті құруға мүмкіндігі бар онлайн сервистерді ұсынады. Осындай сервистің бірі Интернет-бухгалтерия. Интернет-бухгалтерия есепті жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы бухгалтерлік бағдарламаны ұсынады.

Кез-келген ұйымда бухгалтердің қызметін пайдалануға қажеттілік туатыны белгілі. Бұл штат қызметкерінсіз кәсіпорынның жұмысын жүргізу мүмкін емес. Бірақта одан шығар жол бар, Интернет-бухгалтерияны пайдалануға болады. Интернет-бухгалтерия тұтынушылар алдында көптеген мүмкіндіктер ашады, тек қана автоматтық режимді алғашқы бухгалтерлік құжаттауды жүргізіп қана қоймай, аутсорсинг бойынша маманға есептіліктерді жіберуге болады. Мұндай бухгалтерия бухгалтерлік аутсорсингтің бір түрі болып табылады. Бірақта бұл жағдайда сенімге ие қажетті мамандарды іздеу қажеттілігі туындамайды. Онлайн-бухгалтер көмекші болып табылады, үнемі жаңартылып отыратын арнайы бағдарлама көмегімен бухгалтерлік сипаттағы көптеген операцияларды орындайды. Онлайн-бухгалтерия жеке кәсіпкерлермен де, кез-келген меншік формасындағы кәсіпорындар үшін де ыңғайлы. Қазақстанда кәсібін жаңадан бастаған үшіндер де онлайн бухгалтерияның арналымы бар.

Жеке кабинеттің сауатты көрінуінен көп жағдайда онлайн-бухгалтериямен жұмыстың жайлылық деңгейі тәуелді болады. Мамандар онлайн-бухгалтерияның жеке кабинетінің прототипін жасақтады. Бұл жоба сәтті жүзеге асырылып, бизнестің кез-келген саласына бағытталған.

Қазіргі уақытта бірнеше беттерді қамтитын жеке кабинеттің прототипін құру бойынша жұмыстар аяқталған. Өздерінің жеке кабинетінде бухгалтерияға қатысты барлық қаржылық операциялар туралы, пайдаланушылар туралы, салықтық есептіліктер, кәсіпорынның ішкі құжаттары және басқада ақпараттар туралы мәліметтерді сақтауға болады. қажетті виджеттермен өзінің аккаунтын өзгерте отырып, сатудың талдауын немесе бухгалтердің күнтізбесін білуге, қажеттілігіне қарай толық немесе шектеулі қолжетімділікпен қосымша қызметкерлерді қосуға болады. «Ақша» бөлімінде банктен тіке интернет бухгалтерияның сервисіне тікелей автоматты жүктелетін барлық сомалардың кірісі мен шығысын анық көруге болады.

Қазақстанда онлайн-бухгалтерия сервисінің инфрақұрылымы қазіргі уақытта жоғары деңгейде жеткілікті дамыған. Сонымен қатар дамытуға, жақсартуға болады. Мамандар бұл бағытта белсенді жұмыстар жүргізуде. Үнемі жаңа, жетілдірілген сервистер ұсынылады [3].

Онлайн-бухгалтерия сервисінің көмегімен салық есебін ыңғайлы жүзеге асыруға болады.

2-кесте. Онлайн-бухгалтерияның салық есебін жүргізудегі басты артықшылықтары [4]

№	
1.	кез-келген ыңғайлы жерде және орында жұмыс жасауға болады. Нақты кеңсеге, кабинетке байланысыңыз жоқ. Логин мен парольді қолдана отырып, жеке кабинетке кіру қажет
2.	жоғары көлемді жадымен компьютер қажет емес. Интернет-бухгалтерияны жесткий диск орнатып қажет жоқ
3.	есеп айырысудың дұрыс орындалғанына күмән болмайды
4.	ақпарат өте сенімді қорғалған. Оны ұрлау мүмкін емес. Мәліметтер қорғаудың белгілі бір дәрежесімен ерекшеленетін серверде сақталады
5.	мұндай бухгалтерияны пайдалану арзанға түседі

Интернет-бухгалтериямен салыстырғанда бухгалтерлік бағдарламалар жүйелі жаңартуды талап етеді. Қолданылатын базаның өзектілігін де сөз етуге болады. Интернет-бухгалтерия өзі жаңартылады, бұл жерде пайдаланушының ешқандай қатысы жоқ. Бухгалтерлік бағдарламаларды орнатуға тура келеді. Бағдарлама дұрыс жұмыс жасауы үшін оны орнатуда қателік кетпеуі керек. Бұл жағдайда онлайн-бухгалтерияда нақты интернет-ресурста қиын емес тіркеуден өтуі қажет.

Интернет-бухгалтерия әдеттегі бухгалтермен салыстырғанда едәуір артықшылықтарға ие. Ол уақытты үнемдеп қана қоймай, қажеттілігіне қарай арнайы сайт арқылы ақысыз кеңес алуға болады. Жасақталған жеке кабинетте кеңес бөлімі де бар. Бұл бөлім техникалық қолдау қызметімен және қаржы мамандарымен байланысуға мүмкіндік береді.

Сандық бухгалтерия қағаз құжаттарын өндіруді, өндеуді және мұрағаттауды азайту үшін нарықтың беталысын бақылайды. Мысалы, электронды биллинг пен кәсіпкерді МЭИ ретінде тіркеудің қарапайымдылығын қарастырады [5].

Физикалық және географиялық шектеулерді алып тастау арқылы бизнес үшін ең жақсы серіктестерді таңдауға мүмкіндік береді. Компанияны басқаруға арналған ең жақсы платформаларды, ең жақсы бухгалтерлік қызметтерді, ең жақсы жеткізушілерді таңдай алады және ең жақсы клиенттерге қол жеткізе алады.

Желіні кеңейту қызметтерді үнемді және тиімді таңдауға мүмкіндік береді. Сондықтан, цифрлық өлшеу бизнестің шығындарын төмендегімен азайтады:

- Құжаттарды беру, өндеу және тапсыруды азайту;
- Ақпаратты құру, беру және талдау кезіндегі ептілік;
- Желідегі географиялық кедергілерді жою.

Сандық есепке алу – ақпаратты жіберудің ескі қиындықтарын жою арқылы сіздің бизнесіңіздің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сандық есепке алудың негізгі құралы және автоматтандыру мен масштабтауды қамтасыз ете отырып, компанияның бухгалтерлік есеп және қаржылық процедураларын басқару процесінің әр түрлі кезеңдеріндегі серіктес компаниялармен байланыстыра алады. Сандық есепке алуды қолдану арқылы жүйелерді интеграциялау [6]:

- Қаржылық ақпаратпен алмасу;
- Декларациялар мен шарттарды қабылдау және жіберу;
- Жүйелер арасындағы генерация, талдау және есеп беру.

Әр түрлі жүйелер арасындағы осы байланыста сатып алу, қорлар, ақша ағындары және баланстар туралы ақпаратты қолмен қолданудың қажеті жоқ. Түрлі жүйелер біріктіріліп, ақпарат синтезделіп, қажетті құжаттарға жіберіледі. Қамтамасыз ететін жүйе интеграция болып табылады.

Осылайша, жүргізіп отырған бизнес уақытты үнемдейді және қызметкерлер ақпаратты талдау мен түсіндіруге баса назар аудара алады. Ол сандық есепке алудың нәтижесін көре отыра, интернет пен командаралардың мүмкіндіктерін пайдалану жақсы екенін түсінді.

Нәтижесінде жүйелер қайталанатын тапсырмаларды орындайды, ал мамандар нәтижелерге назар аударады.

Сандық бухгалтерлік есептің қуатына жүгінген кезде, бизнес ақпараттардың қауіпсіздігін бағалай алады. Бизнес деректеріңізді басқару үшін жалдайтын компанияның қауіпсіздік шараларын бағалау әрқашан маңызды.

Бұл мағынада, сандық бухгалтерлік есеп жүйелеріндегі ең жақсы компаниялар деректерді бұлтта сақтай алады. Бұл модель неғұрлым қауіпсіз, әсіресе, ақпаратты шифрлау үшін SSL технологиясын қолданса. Бұл деректерді қорғау стратегиясы банктердің стратегиясымен бірдей.

Сонымен қатар, бұлтты сақтау бизнес үшін өте ыңғайлы. Қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен қатар, ол физикалық қондырғылар мен бағдарламалық жасақтаманы қажет етпейді. Бұл жауапты компанияны бақылауды жеңілдетеді және жүйені сатып алу, оған қызмет көрсету шығындарын азайтады.

Қорытынды

Онлайн-бухгалтерия үшін арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді жасақтау үдерісінде тек қана жоғары білікті бағдарламашылар ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы бухгалтерия, кадр, заң облыстарындағы беделді мамандар қатысады [7].

Кәсіпкерлер үшін сервисті құруға еңбек ететін әрбір маман талап етілетін білім мен осы жұмыс саласындағы бай тәжірибеге ие.

Болашақта келесі өзгерістер жоспарлануда:

- мемлекеттік органдар (ҚР салық комитеті, Әділет министрлігі) мен және екінші деңгейлі банктермен ықпалдастық;
- онлайн-бухгалтерияның жеке кабинетін пайдаланушылардың мүмкіндігін жақсарту;
- IT-жасақтамалары облысындағы серпінді өзгерістерді бұл өнімге енгізу.

Қазақстан Республикасының ЕуЭО мемлекет-мүшелері алдында міндеттеменің қабылдануымен байланысты ИС ЭСФ базасында ДСҰ тауарларын байқаудың есеп жүйесін құру бойынша электронды шот-фактуралардың міндетті көшірмесіне кезеңдік көшу қарастырылған:

- 2018 жылдың 1-қаңтарынан – мониторингке жататын ірі салық төлеушілер;
- 2019 жылдың 1-қаңтарынан – қалған ҚҚС төлеушілер.

Зерттеуді жүргізе келе, онлайн бухгалтерияның дәстүрлі бухгалтериядан артықшылықтары айқындалды. Атап айтқанда онлайн-бухгалтерияға қол жетімділік әлемнің кез-келген нүктесінен мүмкін болады. Қазақстанда онлайн-бухгалтерияның арнайы серіктестіктерінің болуы, бағдарламаны техникалық қолдау және автоматты түрде жаңартылуы зерттеу тақырыбының басты ерекшеліктерін көрсетеді.

Қазіргі уақытта бухгалтерлік қызмет жаңа сандық технологияларды біртіндеп игеру және енгізу сатысында. Бухгалтерлік қызмет процестерін автоматтандырумен компаниялардың көпшілігі барлық шарттық қызметті оңтайландыруға тырысады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нурсеитов Э.О. Национальный бухгалтерский учет и МСФО. Учебное пособие- г.Алматы, «LEM», 2010, - 571с.
- 2 Назарова В.Л., Жапбарханова М.С. «Бухгалтерлік есеп» Оқулық., Алматы. Алматыкітап баспасы, 2012. Б. 301.

- 3 Утепкалиева К.М., Кужаниязова Ж.О. Система внутреннего контроля и управления рисками в коммерческом банке // Вестник Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова, №1(40) март, 2016.-С.206-211.
- 4 Карпова Т.П. Направления развития бухгалтерского учета в цифровой экономике / Т.П. Карпова // Известия Санкт-Петербургского Государственного Экономического Университета. - 2018. - №3. - С. 52-57.
- 5 Давыдова О.А. Проблемы и пути совершенствования бухгалтерского учета в цифровой экономике. *Экономика и управление*. 2019; №4, С. 70-76
- 6 Пятов М.Л. Бухгалтерская отчетность и новые технологии // Журнал Бухгалтерский учет, №3, 2018 г., с. 82-91
- 7 <https://mybuh.kz/> Интернет бухгалтерия MyBuh.kz - онлайн бухгалтерия для вашего бизнеса

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ СЕРВИСА ОНЛАЙН-БУХГАЛТЕРИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Цель исследования-раскрыть изменение функции бухгалтерского учета в экономической системе в период цифровизации. Определение наиболее актуальных направлений повышения качества учетной деятельности и разработка компетентностной модели подготовки специалистов в области современного бухгалтерского учета.

Основная цель формирования системы показателей в области бухгалтерского учета и правильной организации этого процесса-обеспечение информацией внешних пользователей и руководителей предприятий. Информационное обеспечение относится к элементу системы управления. Путем накопления информационных систем для эффективного управления можно правильно разрешить недопонимание и существующие противоречия.

Интернет бухгалтерия - автоматизированный онлайн сервис для ИП и ТОО, позволяющий выставлять счета, акты, накладные, рассчитывать зарплату и отправлять отчеты в контролирующие органы.

Не всегда у организации есть потребность использовать услуги бухгалтера. При этом без данного штатного сотрудника вести дела предприятия сложно.

Выход есть, ведь можно воспользоваться интернет-бухгалтерией. **Интернет-бухгалтерия** открывает перед потребителями новые возможности, ведь это не только возможность вести первичную бухгалтерскую документацию в автоматическом режиме, но и отправлять отчетность специалистам по аутсорсингу. **Онлайн-бухгалтер** станет помощником, который сможет большинство операций бухгалтерского характера проводить с помощью специальной программы, которая постоянно обновляется.

Ключевые слова: Онлайн-бухгалтерия, отчетность, бухгалтерский учет, оплата труда, налоги, электронные вычислительные машины

FEATURES OF DEVELOPMENT OF ONLINE ACCOUNTING SERVICE INFRASTRUCTURE IN KAZAKHSTAN

Abstract. The purpose of the research is to reveal the change in the accounting function in the economic system during the period of digitalization. Identification of the most relevant areas for improving the quality of accounting activities and development of a competence model for training specialists in the field of modern accounting.

The main goal of forming a system of indicators in the field of accounting and proper organization of this process is to provide information to external users and business managers. Information support refers to an element of the management system. Through accumulation of the information systems for effective management it is possible to properly resolve the existing misunderstandings and contradictions.

The Internet accounts department - the automated online service for SP and limited liability partnership allowing to make out bills, acts, consignment notes, to count salary and to send reports to supervisory authorities.

Not always the organization has a need to use services of the accountant. At the same time without this permanent member of staff it is difficult to run business of the enterprise.

There is a solution, it is possible to use Internet accounts department. The Internet accounts department opens before consumers new opportunities, it not only an opportunity to keep primary accounting documentation in the automatic mode, but also to send the reporting to specialists in outsourcing. The online accountant will become the assistant who will be able to perform the majority of operations of accounting character by means of the special program which is constantly updated.

Key words: Online accounting, reporting, accounting, remuneration, taxes, electronic computers.

References

- 1 Nurseitov E.O. Nasionälnyi buhgalterski uchet i MSFO. Uchebnoe posobie- g.Almaty, «LEM», 2010, -571s.
- 2 Nazarova V.L., Japbarhanova M.S. «Buhgalterlik esep» Oqulyq., Almaty. Almatykitap baspasy, 2012. B. 301.
- 3 Utepkaliev K.M., Kujaniazova J.O. Sistema vnutrennego kontrolä i upravleniä riskami v kommercheskom banke // Vestnik Atyrauskogo gosudarstvennogo universiteta im. Kh.Dosmukhamedova, №1(40) mart, 2016.-S.206-211.
- 4 Karpova T.P. Napravleniä razvitiä buhgalterskogo ucheta v sifrovoi ekonomike / T.P. Karpova // İzvestiä Sankt-Peterburgskogo Gosudarstvennogo Ekonomicheskogo Universiteta. - 2018. - №3. - S. 52-57.
- 5 Davydova O.A. Problemy i puti soveršenstvovaniä buhgalterskogo ucheta v sifrovoi ekonomike. Ekonomika i upravlenie. 2019; №4, S. 70-76
- 6 Pätov M.L. Buhgalterskaia ochetnost i novye tehnologii // Jurnal Buhgalterski uchet, №3, 2018 g., s. 82-91
- 7 <https://mybuh.kz/> İnternet buhgalteria MyBuh.kz - onlain buhgalteria dlä vašego biznesa

Information about the authors:

Samal Aldeshova, master economics sciences, senior teacher of Finance and Accounting, NLC «Kh.Dosmukhamedov AU», 060000, Atyrau, Student Ave., 212, e-mail: s.aldeshova@asu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5366-2487>

Elmira Adiyetova, candidate economics sciences, assoc. profes. Departments Finance and accounting, NLC «Kh.Dosmukhamedov AU», 060000, Atyrau, Student Ave., 212, e-mail: e.adietova@asu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2400-6357>

Maira Dariskaliyeva, master economics sciences, senior teacher of Finance and Accounting, NLC «Kh.Dosmukhamedov AU», 060000, Atyrau, Student Ave., 212, e-mail: m.dariskaliyeva@asu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-4697-3188>